

## **"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылығ 17 қарашадағы N 1563

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының қаржы-шаруашылық жағдайының нашарлауы жалғаса түсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын (бұдан әрі - Компания) басқару құқығына "Интеррос" фирмасының басқарушысымен жасалған 1995 жылғы 15 тамыздағы N 21/95 контрактіні бұзу туралы мәселені қарасын;

Компанияның сенімді басқарушысы туралы мәселені олармен басқару жөнінде белгіленген тәртіппен контракт жасай отырып, шешсін;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп тексеру жүргізсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне баланстар мен тауар-материалдық құндылықтардың болуы туралы анықтаманы ұсынсын;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп дайын өнімді жөнелтуді тоқтатсын.

2. "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 тамыздағы N 1119 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі